

"Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары қызметкерлерінің нысанды киімі мен арнайы киім-кешегінің тиесілілігі нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер Министрінің 2015 жылғы 19 наурыздағы № 256 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 2 желтоқсандағы № 984 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылды 15 қаңтарда № 12869 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2022 жылғы 1 тамыздағы № 6-НҚ бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 01.08.2022 № 6-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Азаматтық қорғау туралы" 2014 жылғы 11 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 1-тармағының 70-26) тармақшасына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары қызметкерлерінің нысанды киімі мен арнайы киім-кешегінің тиесілілігі нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер Министрінің 2015 жылғы 19 наурыздағы № 256 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10802 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 5 мамырда жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою, халықта шұғыл медициналық және психологиялық көмек көрсету жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын қызметкерлердің, мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары қызметкерлерінің нысанды киімі мен арнайы киім-кешегінің тиесілілігі нормаларын бекіту туралы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою, халықта шұғыл медициналық және психологиялық көмек көрсету жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын қызметкерлердің, мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары қызметкерлерінің нысанды киімі мен арнайы киім-кешегінің тиесілілігі нормалары бекітілсін.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары қызметкерлерінің нысанды киімі мен арнайы киім-кешегінің тиесілілігі нормаларында:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою, халықта шұғыл медициналық және психологиялық көмек көрсету жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын қызметкерлердің, мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары қызметкерлерінің нысанды киімі мен арнайы киім-кешегінің тиесілілігі нормалары";

көрсетілген Нормаларға қосымшада:

оң жақтағы жоғарғы бұрыш мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2015 жылғы 19 наурыздағы
№ 256 бұйрығымен бекітілген

Табиғи және техногендік сипаттағы
төтенше жағдайлардың алдын алу
және жою, халықта шұғыл медициналық
және психологиялық көмек көрсету
жөніндегі функцияларды жүзеге
асыратын қызметкерлердің, мемлекеттік
өртке қарсы қызмет органдары
қызметкерлерінің нысанды киімі мен
арнайы киім-кешегінің тиесілілігі
нормаларына қосымша";

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою, халықта шұғыл медициналық және психологиялық көмек көрсету жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын қызметкерлердің, мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары қызметкерлерінің нысанды киімі мен айырым белгілерінің суреттері және сипаттамасы";

"Айырым белгілері" деген бөлімде:

"Жоғары басшы құрамның жеңдік белгілері" деген кіші бөлімде:

"Өртке қарсы қызметі" жеңдік белгілері мынадай редакцияда жазылсын:

"



"Төтенше жағдайлар комитеті" (бұдан әрі - "ТЖК") жендік белгілері
";

"Аға, орта, кіші басшы және қатардағы құрамның жендік белгілері" деген
кіші бөлімде:

"Әртке қарсы қызметі" жендік белгілері мынадай редакцияда жазылсын:
"



"ТЖК" жендік белгілері
";

Айырым белгілерінің сипаттамасында:

28 және 29-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"28. Жендік белгілер табиғи және техногендік сипаттағы төтенше
жағдайлардың алдын алу және жою, халықта шұғыл медициналық және
психологиялық көмек көрсету жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын
қызметкерлердің, мемлекеттік әртке қарсы қызмет органдары қызметкерлерінің
нысанды киімдерінің бір бөлігі болып табылады және салтанатты,
салтанатты-шығуға арналған, күнделікті және далалық нысанды киімнің сол
және оң жендерінің сыртқы жағында белгіленген орындарда орналасады.

29. Жоғары басшы құрамға арналған "ІШКІ ИСТЕР МИНИСТРЛІГІ" деген
жендік белгі жеңінің қосылған жоғарғы тігісінен 12 см қашықтықта сол жақ
жеңінің сыртқы жағында тігіледі және тоқыма матадан тігілген қалқан
нысанындағы шевронды білдіреді, мөлшері 80x95 мм. Шевронның сыртқы
жиегінде күрең түсті жиек келтірілген, ішкі периметрі бойынша жиегі 5
пайыздық алтын жалатылған зер жіппен тігілген, жиегінің бойымен периметрі
бойынша ішкі жағынан алтын түсті лавр бұтақшалары түрінде өрнек салынған.
Ортаңғы бөлігінде шенбер орналасқан, шенбердің сыртқы жиегі 5 пайыздық
алтын жалатылған зер жіппен тігілген, шенбердің ішкі бөлігінде ашық көгілдір
түсті негізде Қазақстан Республикасының Елтаңбасы орналасқан. Шевронның
жоғары бөлігінде "ҚАЗАҚСТАН" деген жазу бар. Шенбердің астындағы төменгі
бөлігінде "ІІМ" деген жазу бар. Салтанатты нысанды киімге шевронның негізі

көк барқын түстес, салтанатты-шығуға арналған нысанды киімге – қою сұр түсті, ақ жейдеге – ақ түсті, күнделікті нысанды киімге – қою қорғаныш түсті.";

мынадай мазмұндағы 29-1-тармақпен толықтырылсын:

"29-1. Жоғары басшы құрамға арналған далалық нысанды киімге "ШІКІ ИСТЕР МИНИСТРЛІГІ" деген жендік белгі жеңінің қосылған жоғарғы тігісінен 12 см қашықтықта сол жақ жеңінің сыртқы жағында тігіледі және тоқыма матадан тігілген қалқан нысанындағы шевронды білдіреді, мөлшері 80x95 мм. Шевронның сыртқы жиегінде қою қорғаныш түсті жиек келтірілген, ішкі периметрі бойынша қою сары түсті жіппен тігілген, жиегінің бойымен периметрі бойынша ішкі жағынан қара түсті лавр бұтақшалары түрінде өрнек салынған. Ортаңғы бөлігінде шеңбер орналасқан, шеңбердің сыртқы жиегі қою сары түсті, шеңбердің ішкі бөлігінде ашық көгілдір түсті негізде Қазақстан Республикасының Елтаңбасы орналасқан. Шевронның жоғары бөлігінде "ҚАЗАҚСТАН" деген қара түсті жазу бар. Шеңбердің астындағы төменгі бөлігінде "ПМ" деген қара түсті жазу бар. Далалық нысанды киімге шевронның негізі буркеніш түстен жасалады.";

30-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"30. Жоғары басшы құрамға арналған "ТЖК" деген жендік белгі жеңінің қосылған жоғарғы тігісінен 12 см қашықтықта оң жақ жеңінің сыртқы жағында тігіледі және тоқыма матадан тігілген қалқан нысанындағы шевронды білдіреді, мөлшері 80x95 мм. Шевронның сыртқы жиегінде күрең түсті жиек келтірілген, ішкі периметрі бойынша жиегі 5 пайыздық алтын жалатылған зер жіппен тігілген, жиегінің бойымен периметрі бойынша ішкі жағынан алтын түсті лавр бұтақшалары түрінде өрнек салынған. Ортаңғы бөлігінде алтын түсті параллельдері мен меридиандары бар көгілдір түсті жер шарының суреті орналасқан, оның ортасында – тең ортасында қызығылт-сары шеңбермен алтын түсті "жел бағыты" бейнесі белгіленген, оның ішінде көк түсті үшбұрыш бар. Жоғары бөлігінде алтын түсті "ҚАЗАҚСТАН" деген жазу бар, төменгі жағында - алтын түстес қалықтаған қыран, оның астында алтын түсті "ТЖК" деген әріптер жазылған, әріптердің астында алтын түсті ұлттық өрнек элементі орналасқан. Салтанатты нысанды киімге шевронның негізі көк барқын түстес, салтанатты-шығуға арналған нысанды киімге – қою сұр түсті, күнделікті нысанды киімге – қою қорғаныш түсті.";

мынадай мазмұндағы 30-1-тармақпен толықтырылсын:

"30-1. Жоғары басшы құрамға арналған күнделікті далалық нысанды киімге "ТЖК" деген жендік белгі жеңінің қосылған жоғарғы тігісінен 12 см қашықтықта оң жақ жеңінің сыртқы жағында тігіледі және тоқыма матадан тігілген қалқан нысанындағы шевронды білдіреді, мөлшері 80x95 мм. Шевронның сыртқы жиегінде қою қорғаныш түсті жиек келтірілген, ішкі периметрі бойынша қою

сары түсті жиек тігілген, жиегінің бойымен периметрі бойынша ішкі жағынан қара түсті лавр бұтақшалары түрінде өрнек салынған. Ортаңғы бөлігінде қара түсті параллельдері мен меридиандары бар қорғаныш түсті жер шарының суреті орналасқан, оның ортасында – тең ортасында қызығылт-сары шеңбермен қою сұр түсті "жел бағыты" бейнесі белгіленген, оның ішінде көк түсті үшбұрыш бар. Жоғары бөлігінде қара түсті "ҚАЗАҚСТАН" деген жазу бар, тәменгі жағында - қара түстес қалықтаған қыран, оның астында қара түсті "ТЖК" деген әріптер жазылған, әріптердің астында қара түсті ұлттық өрнек элементі орналасқан. Далалық киімге шевронның негізі бүркеніш түстен жасалады.";

31-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"31. Аға, орта, кіші басшы және қатардағы құрамға арналған "ШІКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ" деген жеңдік белгі жеңнің қосылған жоғарғы тігісінен 12 см қашықтықта сол жақ жеңнің сыртқы жағында тігіледі және тоқыма матадан тігілген қалқан нысанындағы шевронды білдіреді, мөлшері 80x95 мм. Ортаңғы бөлігінде ашық көгілдір түсті шеңбер орналасқан, шеңбердің сыртқы жиегі алтын түсті, ішкі жиегі күрең түсті. Шеңбердің ортасында Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі нышанының бейнесі орналасқан, шевронның жоғары бөлігінде алтын түсті "ҚАЗАҚСТАН" деген жазу бар, шеңбердің периметрі бойынша тәменгі бөлігінде сары түсті "ШІКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ" деген жазу бар. Жазудың астында алтын түсті ұлттық өрнектің элементі орналасқан. Шевронның сыртқы жиегінде күрең түсті жиек келтірілген, ішкі периметрі бойынша алтын түсті шырмауық лента түрінде жиектелген. Салтанатты нысанды киімге шевронның негізі көк барқын түстес, күнделікті нысанды киімге – қою қорғаныш түсті нысанды киімге.";

мынадай мазмұндағы 31-1-тармақпен толықтырылсын:

"31-1. Аға, орта, кіші басшы және қатардағы құрамға арналған "ШІКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ" деген жеңдік белгі жеңнің қосылған жоғарғы тігісінен 12 см қашықтықта сол жақ жеңнің сыртқы жағында тігіледі және тоқыма матадан тігілген қалқан нысанындағы шевронды білдіреді, мөлшері 80x95 мм. Ортаңғы бөлігінде негізі қорғаныш түсті шеңбер орналасқан, шеңбердің сыртқы жиегі қара түсті, ішкі жиегі қою қорғаныш түсті. Шеңбердің ортасында Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі нышанының бейнесі орналасқан, шевронның жоғары бөлігінде қара түсті "ҚАЗАҚСТАН" деген жазу бар, шеңбердің периметрі бойынша тәменгі бөлігінде сары түсті "ШІКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ" деген жазу бар. Жазудың астында қара түсті ұлттық өрнектің элементі орналасқан. Шевронның сыртқы жиегінде күрең қорғаныш түсті жиек келтірілген, ішкі периметрі бойынша қара түсті шырмауық лента түрінде жиектелген. Далалық нысанды киімге шевронның негізі бүркеніш түстен жасалады.";

32-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"32. Аға, орта, кіші басшы және қатардағы құрамға арналған "ТЖК" деген жендік белгі женінің қосылған жоғарғы тігісінен 12 см қашықтықта оң жақ женінің сыртқы жағында тігіледі және тоқыма матадан тігілген қалқан нысанындағы шевронды білдіреді, мөлшері 80x95 мм. Шевронның сыртқы жиегінде күрең түсті жиек келтірілген, ішкі периметрі бойынша алтын түсті шырмауық лента түрінде жиектелген. Ортаңғы бөлігінде алтын түсті параллельдері мен меридиандары бар көгілдір түсті жер шарының суреті орналасқан, оның ортасында – тең ортасында қызығылт-сары шеңбермен алтын түсті "жел бағыты" бейнесі белгіленген, оның ішінде көк түсті үшбұрыш бар. Жоғары бөлігінде алтын түсті "ҚАЗАҚСТАН" деген жазу бар, төменгі жағында - алтын түстес қалықтаған қыран, оның астында алтын түсті "ТЖК" деген әріптер жазылған, әріптердің астында алтын түсті ұлттық өрнек элементі орналасқан. Салтанатты нысанды киімге шевронның негізі көк барқын түстес, күнделікті нысанды киімге – қою қорғаныш түсті.";

мынадай мазмұндағы 32-1-тармақпен толықтырылсын:

"32-1. Аға, орта, кіші басшы және қатардағы құрамға арналған далалық нысанды киімге "ТЖК" деген жендік белгі женінің қосылған жоғарғы тігісінен 12 см қашықтықта оң жақ женінің сыртқы жағында тігіледі және тоқыма матадан тігілген қалқан нысанындағы шевронды білдіреді, мөлшері 80x95 мм. Шевронның сыртқы жиегінде қою қорғаныш түсті жиек келтірілген, ішкі периметрі бойынша қара түсті шырмауық лента түрінде жиектелген. Ортаңғы бөлігінде қара түсті параллельдері мен меридиандары бар қорғаныш түсті жер шарының суреті орналасқан, оның ортасында – тең ортасында қызығылт-сары шеңбермен қою сұр түсті "жел бағыты" бейнесі белгіленген, оның ішінде көк түсті үшбұрыш бар. Жоғары бөлігінде қара түсті "ҚАЗАҚСТАН" деген жазу бар, төменгі жағында - қара түстес қалықтаған қыран, оның астында қара түсті "ТЖК" деген әріптер жазылған, әріптердің астында қара түсті ұлттық өрнек элементі орналасқан. Далалық киімге шевронның негізі бүркеніш түстен жасалады.";

33 және 34-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"33. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Төтенше жағдайлар комитеті білім беру үйымдарының курсанттарына арналған "ІШКІ ИСТЕР МИНИСТРЛІГІ" деген жендік белгі женінің қосылған жоғарғы тігісінен 12 см қашықтықта сол жақ женінің сыртқы жағында тігіледі және тоқыма

матадан тігілген қалқан нысанындағы шевронды білдіреді, мөлшері 80x95 мм . Ортаңғы бөлігінде негізі ашиқ көгілдір түсті шеңбер орналасқан, шеңбердің сыртқы жиегі алтын түсті, ішкі жиегі күрең түсті. Шеңбердің ортасында Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі нышанының бейнесі орналасқан, шевронның жоғары бөлігінде алтын түсті "ҚАЗАҚСТАН" деген жазу бар,

шенбердің периметрі бойынша төменгі бөлігінде сары түсті "ШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ" деген жазу бар. Жазудың астында алтын түсті ұлттық өрнектің элементі орналасқан. Шевронның сыртқы жиегінде күрең түсті жиек келтірлген, ішкі периметрі бойынша алтын түсті шырмауық лента түрінде жиектелген. Ақ жайдеге шевронның негізі ақ түсті, күнделікті нысанды киімге – қою қорғаныш түсті нысанды киімге.

34. Қазақстан Республикасы Ишкі істер министрлігі Төтенше жағдайлар комитеті білім беру үйымдарының курсанттарына арналған "Көкшетау техникалық институты" деген жендік белгі жеңінің қосылған жоғарғы тігісінен 12 см қашықтықта оң жақ жеңінің сыртқы жағында тігіледі және тоқыма матадан тігілген қалқан нысанындағы шевронды білдіреді, мөлшері 80x95 мм және ортасында қызыл-күлгін түсті "жел бағыты" бейнесі белгіленген, оның ішінде көк түсті үшбұрыш бар, "жел бағытының" артында жиектері қою қоңыр түсті ашылған кітап орналастырылған, кітап параптаратының жиектері қызыл-қоңыр түсті, кітап параптараты бозғыл түсті, кітаптың жолақтары көкшіл-күлгін түсті. Жоғарғы бөлігінде – "Көкшетау техникалық институты" деген алтын түсті жазу, төменгі бөлігінде – ашылған кітаптың астында алтын түсті айқастырылған өрт сөндіру балталары бар өрт сөндірушінің каскасы түріндегі эмблема орналастырылған, ішкі периметрі бойынша алтын түсті шырмауық лента түрінде жиектелген. Ақ жайдеге шевронның негізі ақ түсті, күнделікті нысанды киімге – қою қорғаныш түсті нысанды киімге.";

мынадай мазмұндағы 34-1-тармақпен толықтырылсын:

"34-1. Қазақстан Республикасы Ишкі істер министрлігі Төтенше жағдайлар комитеті білім беру үйымдарының курсанттарына арналған далалық нысанды киімге "Көкшетау техникалық институты" деген жендік белгі жеңінің қосылған жоғарғы тігісінен 12 см қашықтықта оң жақ жеңінің сыртқы жағында тігіледі және тоқыма матадан тігілген қалқан нысанындағы шевронды білдіреді, мөлшері 80x95 мм және ортасында қою сұр шенбермен "жел бағыты" бейнесі белгіленген, оның ішінде қара үшбұрыш бар, "жел бағытының" артында жиектері қара түсті ашылған кітап орналастырылған, кітап параптаратының жиектері қою сұр түсті, кітап параптараты бозғыл түсті, кітаптың жолақтары көкшіл-күлгін түсті. Жоғарғы бөлігінде – "Көкшетау техникалық институты" деген қара түсті жазу, төменгі бөлігінде – ашылған кітаптың астында сұр түсті айқастырылған өрт сөндіру балталары бар өрт сөндірушінің каскасы түріндегі эмблема орналастырылған, ішкі периметрі бойынша алтын түсті шырмауық лента түрінде жиектелген. Далалық нысанды киімге шевронның негізі бүркеніш түстен жасалады.".

2. Қазақстан Республикасы Ишкі істер министрлігінің Төтенше жағдайлар комитеті заңнамада белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркегеннен кейін құнтізбелік он күн ішінде оны мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жолдауды;

3) осы бұйрықты мемлекеттік тіркегеннен кейін құнтізбелік он күн ішінде Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне орналастыру үшін "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Респубикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы респубикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

5) осы бұйрықты мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шараларды орындалу туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің орынбасары В.К. Божкоға жүктелсін.

4. Бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап құнтізбелік он күн еткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

полиция генерал-полковнигі

К. Қасымов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрі

Б.Т. Сұлтанов

2015 жылғы " _____ " _____